

"2019-2021 жылдарға арналған Алтай қаласының бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 42/2-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 12 шілдедегі № 51/2-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 6078 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/2-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 05.01.2020 № 61/2-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Алтай ауданының мәслихатының 2019 жылғы 28 маусымдағы 50/2-VI "2019-2021 жылдарға арналған Алтай ауданының аудандық бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 41/2- VI шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6061 тіркелген) сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Алтай қаласының бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 42/2-VI шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-12-182 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 15 қаңтарда электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Алтай қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 688317,0 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер – 311153,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 4355,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
трансферттер түсімі – 372809,0 мың теңге;
2) шығындар – 710376,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -22059,9 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 22059,9 мың теңге, соның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 теңге;
қарыздары өтеу – 0 теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 22059,9 мың теңге.";
аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Алтай ауданының
мәслихат хатшысы*

П. Потапенко

Л. Гречушникова

Алтай
ауданының мәслихатының
2019 жылғы 12 шілдедегі
№ 51/2-VI шешіміне қосымша
Алтай
ауданының мәслихатының
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 42/2-VI шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған Алтай қаласының бюджеті

Санаты			Сомасы (мың теңге)
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Кірістер атауы			
		I. Кірістер	688317,0
1		Салықтық түсімдер	311153,0
	01	Табыс салығы	103980,0

	2	Жеке табыс салығы	103980,0
04		Меншікке салынатын салықтар	205989,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	5000,0
	3	Жер салығы	102904,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	98085,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1184,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1184,0
2		Салықтық емес түсімдер	4355,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4355,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4355,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4		Трансферттер түсімі	372809,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	372809,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	372809,0

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Функциялық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Шығындар атауы			
		II. Шығындар	710376,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	50875,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	50875,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50875,0
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	46375,0
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4500,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	180465,7
	3	Елді-мекендерді көркейту	180465,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	180465,7
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	29259,7
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	21630,0
		010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1545,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	128031,0
12		Көлік және коммуникация	300019,9
	1	Автомобиль көлігі	300019,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	300019,9
		013 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	50019,9

		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	250000,0
15			Трансферттер	179016,3
	1		Трансферттер	179016,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	179016,3
		043	Бюджеттік алып қоюлар	179016,0
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-22059,9
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	22059,9
7			Қарыздар түсімдері	0,0
16			Қарыздарды өтеу	0,0
	1		Қарыздарды өтеу	0,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
		056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0,0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	22059,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	22059,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	22059,9